

**МЕББМ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**



**НУО КАЗАХСТАНСКО-  
РОССИЙСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ**

Тақырыбы: Көңіл-күй бұзылыстары.

Факультет: ЖМ

Тобы: 503А

Орындаған: Барақбаева Ж.Қ

*Алматы, 2017 жыл*

## Жоспары:

Кіріспе


Негізгі бөлім

- Эмоция
  - Стресс
  - Эмоциялық стресс
- Қолданылған әдебиет



**Эмоция-**( латын сөзінен emovere — қозу, толқуы), немесе сезімдердің, психикалық күйін, болып жатқан оқиғаға адамдардың қарым қатынсы толықрақ айтқанда уайымдардың турлері : жоғарғы деңгейдегі қуанышпен, төменгі деңгейдегі қайғылардың әсерінен пайда болады. Психологияда эмоция пайда болуына байланысты екіге бөлінеді: жоғары және төменгі . **Төменгі эмоцияға** мазасыздықтар, элементарни биологиялық қажеттіліктер (аштық, жыныстық қажеттіліктер т.с.с) **Жоғарғы эмоцияға** (интеллектуальным) күтпеген жағдайлар, жұмбақ сезімдер, өзіне деген қатты сенімділік, күдіктенулер..






Активті теріс эмоциялар вегатативті реакциялардың өзгерісіне алып келеді 1 – қалқанша безінің функциясы жоғарлайды, 2 – жүрек жұмысы жоғарылайды, 3 – тері және бұлшықетте қан айналымның жоғарылауы, 4 – көк бауырдың кішірейуі, 5 – ас қорыту жүйесінің тежелуі, 6 – адреналин деңгейінің жоғарылауы, 7 – зәр шығару жүйесінің және тоқ ішек маторикасының жоғары болуы.

Барлық қарым қатынастар белгілі бір эмоцияға және сезімдерге байланысты болады. Эмоция-бұл өзіңе деген және қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын. Эмоция көрінісіне қарай сезім, көңіл-күй, және құштарлық болып бөлінеді





**ЭМОЦИЯ**



**Сезім**-бұл психикалық жағдай, адамның белгілі бір құбылысқа деген қарым-қатынасы.





Құштарлық-күшті, тұрақты, сезімдердің ұзақтығымен сипатталатын белгілі бір мақсатына немесе құштар затына ұмтылу. Құштарлықтың объектісіне адамды немесе заттарды және өзіне ұнайтын іс-қимылдарды жатқызамыз.



Көңіл-күй-

ЭМОЦИЈАЛЫҚ  
ЖАҒДАЙДЫҢ  
ҰЗАҚТЫҒЫМЕН,  
БҮКІЛ  
КҮЙЗЕЛІСТЕРДІ  
ЖӘНЕ ЖАЛПЫ  
АДАМНЫҢ  
ЖАҒДАЙЫН  
КӨРСЕТЕДІ.





*\*Стресс\* - (ағылш. stress - ауыртпалық, күш түсу) – қоршаған ортаның кез келген қолайсыз әсерлеріне организмнің арнайыланбаған бірбеткей серпілістерімен жауап қайтарумен көрінетін, оның қорғану-бейімделу мүмкіншіліктерінің жаңа деңгейде қалыптасуы.*

## **Физикалық**

*( ыстық немесе суық температуралар, йондағыш сәулелер, электр соққы, жарақат, ауыр қол жұмыстарын атқару т.с.с. );*

## **Химиялық әсерлер**

*( улы химиялық заттар, гипоксия т. б. );*

**Биологиялық әсерлер** ( жұқпалар, вирустар, микробтардың уыттары, жәндіктердің улары т.б. );

## **Психогендік**


*( жан-дүниелік жарақаттар, күйзелістер, ауыр қайғы-қасіреттер, көңіл-күй толқулары );*





**\*Стресс\*** атауын медицинаға Канада ғалымы **Ганс Селье XX ғ. 60-шы** жылдары енгізді. Бұл ғалымның байқауы бойынша әсер еткен қолайсыз ықпалдардың ( ол **жарақат** па, **жұқпа** ма, **химиялық** улану ма немесе **ауыр қайғы** – **қасірет** пе) түріне қарай оларға организм әрқашан бірбеткей жауап қайтарады. Бұл кезде: айрықша без бен лимфалық түйіндердің кері дамуы; бүйрек үсті бездерінің гипертрофиясы; асқазан мен ұлтабардың шырышты қабықтарында ойық жаралар дамуы; қанда нейтрофильдер көбейіп, эозинофильдермен лимфоциттердің азаюы; тіндерде зат алмасуының өзгерістері байқалады;

Қазіргі көзқарастар бойынша стресс жүйке жүйесі мен эндокриндік бездердің қатысуымен дамиды. Организмнің күрделі жүйкелік – сұйықтық серпілісі. Бұл серпіліс дамуында орталық жүйке жүйесі, мидың сыртқы қыртысы, гиппокамп, лимбикалық жүйе, мидың торлы құрылымы, гипоталамус т.б. мидың құрылымдары, шеткері жүйкелер мен дербес (вегетативтік) жүйке жүйелері қатысады. Көптеген қолайсыз ықпалдардың организмге әсері жүйкелік – рефлексік жолдармен болады. Сыртқы және ішкі қабылдағыштардың жүйкелік серпіндер орталық жүйке жүйесіне түсіп, ми қызметтерінің өзгерістеріне әкеледі.



*Организмнің ішкі тұрақтылығы стрессті дамытатын және оны шектейтін жүйелердің өзара теңестірілуімен қамтамасыз етіледі. Стресті дамытатын жүйеге:*

*симпатикалық – адренергиялық жүйе;*

- *гипоталамус;*
- *алдыңғы гипофиз;*
- *бүйрек үсті бездерінің сыртқы қабаты т.б. жатады.*

*Қолайсыз әсерлерден осы жүйенің белсенділігі көтеріледі. Осыған жауап ретінде стресті шектейтін жүйе әсерленеді. Оған:*

- *мидағы гамма – аминамай қышқылына (ГАМК), серотонинге, эндорфиндер мен энкефалиндерге жауап қайтаратын жүйелер;*
- *шеткерлі ағзалар мен тіндерде түзілетін простагландиндер және антиоксиданттық ферменттер жатады және олар стресс дамуын азайтады.*





*Эмоциялық стресс - жүрек ишемиясы, гипертензия, асқазан жарасы, эндокрин жүйесінің ауруларына әкеліп соғады. Мұнда орталық жүйке жүйесіндегі нейромедиаторлар мен пептидтердің мөлшері көп өзгереді.*

*Эмоциялық стресті зерттеу невроздарды емдеу істеріне көмектеседі. Сондықтан ұзақ және тиімді психофармакологиялық емдеу психиканы зақымдаушы әсерлердің эмоциялық зерде, ізжазбасын өшіріп, толық немесе жартылай психикалық іс-әрекеттерді қалпына келтіреді.*



Назар аударғандарыңызға  
рахмет!

[trinixy.ru](http://trinixy.ru)